

XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ



ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Балдың адам денсаулығына пайдасы және оның сапасын анықтау

АЙТИМБЕТОВ Ерасыл Бигазиевич,
№2 О.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназияның оқушысы.

Жетекшісі: **ДАНЫШБЕКОВА Акнур Абуовна.**
Түркістан облысы, Келес ауданы



Балдың шығу тарихы

Археологтардың зерттеуіне сүйенсек, аралар алғашқы адамдардың пайда болуына дейін 56 миллион жыл бұрын пайда болған дейді.

Ежелгі мәдени ескерткіштердің сақталу негізінде алғашқы адамдар балды тәтті, нәрлі өнім ретінде қолданған екен. Испания мемлекетінің Валенсия мекенінде табылған ежелгі ескерткіште адамның балды алып жатқаны бейнеленген. Адамның балды аралар арасынан алып жатқан таңбасы тастарда бейнеленіп, сақталған екен.

Балдың ғажайып қасиетін алғашқы адамдар да өте бағалаған. Барлық уақытта әр халық оны емдік мақсатпен қолданған. Египет папирустарында 3000 жыл бұрын ауруды емдеу, аурудың алдын алу мақсатымен қолданылған деген жазбалар сақталған.

Ежелгі қытай және үнді жазбаларында да балдың ғажайып, ең керемет қасиеттерге ие екендігін көрсеткен. Үнді құдайы Вишну лотос гүлінде қонып отырған бал арасы бейнесінде бейнеленген екен. Ежелгі үндістер, бал адамға зор ғанибет сыйлап, денсаулығын нығайтып, жастықты сақтайды деп санаған.

Ежелгі Грецияда бал «жастықтың сусыны» деп, табиғаттың керемет сыйы деп есептеген. Олар құдайға құрбандыққа бал жағылған жемістерді қойған, бұл құдайға мәңгілік өмір береді деп сенген.

Ұлы грек математигі Пифагор, өзінің ұзақ жасауының себебі осы балды жиі қолданғандықтан деген. Сол сияқты белгілі ойшыл, философ Демокрит те, өзінің 100 жасауының, денсаулығының мықтылығы балды пайдаланудан деп айтқан.

Ресейде бал жайлы 945 жылдың Лаврентьев жазбаларында айтылған екен. Бірақ тағам түрінде емес, сусын ретінде көрсетілген.

Осыдан бір жарым ғасыр бұрын Өскеменнің іргесіне алғашқы араларды әкеліп, қолға ұстай бастаған. Сол себепті Шығыс Қазақстан облысы Орталық Азия аймағында омарта шаруашылығының отаны саналады. Елімізде өндірілетін балдың 80 пайызға жуығы Шығыс Қазақстанның үлесінде.

Балдың түрлері

Өсімдіктің бір түрінен жиналған бал «бір шы-

рынды», ал бірнеше өсімдік түрінен жиналған бал «көп шырынды» деп аталады. Оны өсімдіктің түріне қарай атайды. Қазақстанда әр ұядан орта есеппен жылына 15 кг-ға дейін, жекелеген тәжірибелі бал ара өсірушілер 180 кг-ға дейін бал жинайды екен.

Табиғи балдың түрлері

Өмірде табиғи балды ажырату оңай емес. Қантты бал араны қант шырынымен коректендіру арқылы алынады.

Сатушылар оны табиғи балға араластырып сатады. Бұл орайда табиғи, жасанды балды ажыратуға ешқандай анализ көмектеспейді. Жасанды балдың құрамында қант, қант крахмалы, ұн, желім, гипс болады. Оның кейбірін үй жағдайында анықтауға мүмкіндік бар. Ол үшін бір стакан қайнаған су аласыз да оған балды араластырасыз (Бір стакан суға жарты стакан бал). Сол кезде тұнбаның төменгі жағында немесе бетінде механикалық қалдықтар шыға келеді. Ол –балдың құрамында крахмалдың бар екендігінің айғағы.

Гүлдейтін қанша ма өсімдіктер бар болса, сонша ма балдың түрлері бар. Біз енді солардың бастыларын атап айтсақ.

Түйебұршақ (донник) балы бірінші сортты балға жатады.

Шайқурай (кипрей) балы мөлдір жасыл сары түсті сұйық бал.

Жөке (липа) балы жақсы сортқа жатады.

Шабындық (луговой) балы бірінші сортты балға жатады.

Таңқурай (малина) балы ақ түсті болады.

Қарақұмық (гречишный) балы қою қызыл немесе қоңыр түсті болады.

Балдың құрамы мен қуаты

Ара балының химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, ол өскен топыраққа, сол жердің ауа-райының жағдайына және балдың түрлеріне тығыз байланысты.

Гүл балының құрамында 12-13 пайыз су, 0,4 пайыз белок, 0,3 пайыз күл, көмір сутегі, глюкоза, жүзім қанты, сахароза, мальтоза, т.б. бар. Және де В3, В5, А, С, Н, Е, К дәрумендері, минералды тұздар, ферменттер, сон-дай-ақ, химиялық элементтер (калий,

кальций, фосфор, хлор, күкірт, натрий, темір, марганец, мыс, т.б.) кездеседі.

Балдың пайдасы

Мамандардың айтуынша, балдың адам денсаулығы үшін пайдасы көп. Атап айтқанда, бал қан құрамын жақсартады, ішкі ағзалардың қызметін жандандырады, иммунитетті арттырады, дененің физиологиялық қызметін, күш-қуатын қалпына келтіреді. Мидың жұмысын жақсартады, тыныс алу жолдарын артық өңезденуден сақтайды. Ол сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруына, бауырға, бүйрекке, ішек-қарын жолына, суық тиюге, құяң мен өтке пайдалы. Балды күрт ауруына, ұйқысыздыққа, бас ауруына, қан қысымына, асқазан жарасына, тіпті күйікке де ем ретінде пайдалануға болады. Балдың сондай-ақ аллергияға, бактерияға, қабынуға қарсы да қасиеттері анықталған.

Балдың химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, топырағына, ауа райының жағдайына және балдың түрлеріне байланысты өзгереді. Балдың сапасы негізінен хош иісі, дәмі, түсі, тығыздығы, ылғалдылығы, коректік және жабысқақ қасиеттері арқылы ажыратылады.

Өте құнарлы, тойымды болғанына қарамастан құрамында ауыр қорытылатын элементтер кездеспейді. Бал құрамы қанға, одан жасушалар мен тіндерге тез сіңіп кететін көмірсулар, белоктар, протеиндер (аминқышқылдары мен органикалық қышқылдар), минералды тұздар (калий, кальций, натрий, темір, хлор тұздары және күкірт т.б.), пайдалы микроэлементтер мен ферменттерге (каталаз, липаз, амилаз) өте бай. Құрамындағы фруктоза, глюкоза және құрақ қант бұлардың барлығы да адам ағзасына аса қажетті.

Арамен емдеу

Арамен емдеу медицина ғылымында «Апитерапия» деп аталады. Отандық дәрігер, апитерапия маманы

А.Құрманбаевтың берген мәліметтеріне сүйенсек, арамен емдеуге араның балы, прополис (ара желімі), ара уы, гүл тозаңы және емдік әсері өте күшті сүт жатады. Ал ара уының құрамында адам ағзасы үшін пайдалы түрлі ферменттер мен амин қышқылдары және милитин бар. Апитерапия арқылы көптеген ауруларды, соның ішінде ревматикалық полиартрит, артрит, ревматизм, жүйке аурулары, остеохондроз, остеопороз, псориаз, ішкі құрылыс, буын аурулары, колит, асқазан жарасы, холецистит секілді ауруларды емдеуге болады. Білікті дәрігерлердің пікірінше, балды дәрумен ретінде еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін пайдаланғаны дұрыс. Себебі, бал — шипалы тағам. Бал адамның есте сақтау қабілетін арттырып қана қоймай, жоғары қан қысымын түсіреді, күш-қуатты

толықтырады, әсіресе іш құрылысына, жүрек ауруына пайдалы. Балдан жасалған сусынның асқазан ауруын емдеуде әсері зор. Дегенмен, дәрігерлер балмен емделуді бастамас бұрын кеңес алғанды дұрыс көреді.

- Жоғары тыныс жолы ауруларын емдеуге болады.

- Жүрек ауруларын емдеуге қолдануға болады.

- Асқазан ішек ауруларын емдеу.

- Бауыр, бүйрек ауырғанда қолданады.

Жараны емдеу.

Бал ластанған жаралардың тазарып, жазылуына, ал балық майы жараның тез бітіп кетуіне ықпал етеді. Жараның жазылуына балдың антибиотикалық заттарының пайдасы ерекше. Балдың әсерімен жараға қан мен лимфаның келуі күшейеді. Лимфа өздігінен бактерияларды жуып-шайып кетеді.

3.Біздің зерттеу жұмысымыз

Биология кабинетінде

Мен өз зерттеу жұмысымды биология кабинетінен бастадым. Бұл жерде мен араның дене құрылысымен, оның жалпы түр-сипатымен таныстым. Биология пәнінің мұғалімі Гүлмира Сеитқазиева апай әңгімелеп түсіндіріп берді.

Дәрігермен кездесу

Балдың денсаулыққа қаншалықты пайдалы екенін білу үшін, дәрігері Эленора Махамбетовамен әңгімелесіп, кеңес сұрадым. Ол кісіге сұрақтар қоя отыра, тағы да көп нәрсені біліп, таныстым.

Менің болжауым бойынша балдың кері әсері де болуы керек қой. Сондықтан нақтырақ түсіндіруін сұрадым. Дәрігер маған оны да түсіндіріп берді. «Әрине, ол адамда аллергиялық реакция туғызуы мүмкін, оның өзінде тек кішкентай балаларда. Өйткені олардың ағзалары әлі түгелдей қалыптаспағандықтан. Сондықтан 1 жасқа дейінгі балаларға балды қолданғанда өте сақ болған жөн.» - деді.

Қорытындылай келе, Балды пайдасы өте зор. Оның емдік қасиеттеріне байланысты кеңінен қолдануға болады және қолдану керектігін түсіндік. Балдың құрамында адам ағзасына пайдалы барлық химиялық қоспалар бар екенін аңғардық.

Балдың өте ертеде алғашқы адамдарға дейін пайдаланғанын, ата-бабаларымыз оны тағам ретінде де, ем-дом ретінде де пайдаланғанын оқып білдік.

Біз алдымызға қойған мақсатқа жеттік деп ойлаймыз.

Осы тақырып төңірегінде көптеген мағлұматтар ала отыра, өз зерттеу жұмысымызды жүргізіп, көзімізбен көріп, дәлелдеуге тырыстық. Бұл жұмыс бізге қатты ұнады. Осы жұмысымызды келешекте ары қарай жалғастыру жоспарымызда бар.



**Данышбекова Акнур
Абуовна**

Республикалық
“Білім шыңы-Ғылым сыры”
журналы редакциясының 2023 жыл
28 ақпан №002 шешімі бойынша
**“ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ІСІНІҢ
ҮЗДІК ҰСТАЗЫ”**
төсбелгісімен марапатталды.

Тіркеу 014

*Бас
редактор:*



А.ЕСЕН



Тіркеу №2221

«ЕҢ БІЛІМДІ ПЕДАГОГ»
төсбелгісімен олимпиада жеңімпазы

**Данышбекова Акнур
Абуовна**

“Білім шыны” қоғамдық бірлестігі
ұйымының 17 қараша
2022 жылғы №05 шешімі бойынша
марапатталды



Қазақстан Республикасы, 2022



Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық Даму Министрлігі
Мемлекеттік тіркеу № KZ64VPY00040878



ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕЛІ

Данышбекова Акнур Абуовна

"Алтын білім кілті" әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының
ұйымдастыруымен педагогтердің біліктілігін арттыру мақсатында
бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық
олимпиадасында жоғары нәтиже көрсетіп жеңімпаз атанғаны үшін марапатталады.



Берілген күні: **29.03.2023 жыл**

Тіркеу № **053227**



Аманжол Аманжол Аманжол

"Altyn bilim kilty" ғылыми әдістемелік
зерттеу орталығының директоры

"Алтын білім кілті" әдістемелік ғылыми зерттеу орталығы

ДИПЛОМ

I Дәрежелі

Данышбекова Акнур Абуовна



ҚР Президенті Қ Тоқаевтың «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты бағдарламалық мақаласын педагогтер арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі ұйым, жалпы орта, арнайы қосымша және техникалық, кәсіптік білім, жоғары білім беретін ұйымдарының арасында өткізілген

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2022»

Республикалық шығармашылық байқауында үздік танылғаны үшін марапатталады



Тіркеу № 053229



Ақнұр Ақнұр Абуовна

"Алтын білім кілті" ғылыми әдістемелік зерттеу орталығының директоры

Берілген күні: 2022 жыл, қазан

Халықаралық журнал



ALTYN BILIM KILTY

№ 1


18(06)2023 жыл

Білім беретін ғылыми педагогикалық әдістемелік шығармашылық



Данышбекова Акнур Абуовна

Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп гимназиясы
Бастауыш сынып мұғалімі



Ел болашағы - білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру - ұстаздар қауымына ортақ іс. Сондықтан ұстаздарға жанаша бағытта жұмыс істеуге, шығармашылық еңбегімен оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруына, педагогикалық еңбегін қайта құруына тура келеді. Бұл бағытта жұмыстар атқарылып та жатыр. Қоштен қалмаймыз деп жанының бәрін қабылдай беру дұрыс па, бұрыс па, бұған дейін қол жеткізген табыстарымыз бен іс-тәжірибемізді әрі қарай қалай ұштастырамыз деген ойлар да мазалауы мүмкін. Өткен күндердегі іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Себебі ғылыминың дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы таламы үнемі өсуде. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор-адам және жеке тұлға болып қала бермек. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, бағылғымызды түтіндеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру - бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы.

Интеграциялау (кіріктіру) – бөліктері бүтін шығатындай біріктіру, оларды бір тұтас бодатындай етіп қосу. Осы тұрғыдан қазақтарғанда, кейбір пәндерге қатысы бар материалдарды белгілі бір пән аяқымда жеке өткеннен тегі, оның мазмұны кең қамтылатындай етіп, интеграциялау оқытылатын тиімді. Интеграциялау (кіріктіру) – материалды жан-жақты игерту, оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірлік практикада қолдануда тиімді әдіс. Сонымен бірге оқушының саналық, адамгершілік, эстетикалық қолжарастарын ұштауда, оқу мерзімін тиімді пайдалануда, оқу-тәрбие процесін басқаруда пайдалы зор.

Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту тарихына көз жүгіртсек. Бұл идея Я.А.Коменскийден басталады. Ұлы дидакт: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысы көрсетісе отырып оқытуды қажет», – деген болатын. Атақты педагог пәндердің арасындағы байланысты пайдаланып кіріктіре оқыту негізінде оқыту үрдісінің біртұтастығын қалыптастыруға көз жеткізуге болатынын айтты. Осы идеяға көптеген педагогтар қосылып, оны одан әрі дамытты. Кіріктіре оқыту идеяларын В.Я. Стахарин, Н.Ф. Бунаков, В.И. Водовозов, т.б. педагог ғалымдар жалғастырып, пәндерді кіріктіре оқыту әдістемелерін ұсынды.

Этимологиялық мағынасы («интеграция» – лат. integratio) «қалпына келтіру», «толықтыруды» білдіретін бұл ұғым педагогикада бірнеше тұрғыдан қаралады: кіріктіру – оқытудың жүйелік принципіне сай жақсы ойыстырылған, жіті қарастырылған педагогикалық үлгіс

- кіріктіру – мазмұндық қайталауларды болдырмау; оқу үрдісінде бағдарламалығы пәндері логикалық негіздеген біртұтас принципін қарай құрастыру және түрлі пәндерді оқытуда «төңкеріс» білімді» үйлестіру арқылы қол жеткізуге болады;
- кіріктірудің маңызы, кіріктірілетін пәннің оқу жоспарына сәйкес оқушылар сапалы білім ала отырып, өздерінің танымдық қызығушылығын арттыру және өзіндік жетілдірілуіне

түсінік қалыптастырады, алған білімдерін бөлініште тиімді пайдалануға, оны дамытуға қажетті білік-дағдыларды бойынша сипиреді.Қазіргі кезде білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету , оның ғалымы деңгейін жоғарлату, тұтастай алғанда, оқушының танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру өңекті мәселеге айналуда. Сондықтан бастауым –ақ пәндерді кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы,баланың интеллектуалдық ой-өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білімді интеграциялау бағыты әр түрлі пәндердің даралығын болдырмай, жалпы бөлімдер кіріктірілген кешендер пәнаралық ортақ мүдделерді біріктіретін кіріктірілген блоктар құру арқылы білім мазмұнының құрылымын және оның ғылыми негіздерін, ғылыми қолқарастарға арқау болатын ғылыми ұғымдарды, оларды оқушыға меңгертудің әдіс тәсілдерін, құралдарын қажетті деңгейде енгізуге, сойтын білімнің болшектенуін, қайталануыды оқушыға шамадан тыс жүк түсуін болдырмауға мүмкіндік беріп, бұларды сапа жағынан мүлдем жаңа сағыға көтереді.

Кіріктіру сабақтарын даярдау және жүзеге асыру кезінде білім көптеген мәліметтермен толығады: сабақтың құрамына білім көзі ретінде кіретін пәндер, қосымша әдебиеттер, зерттеулер, бағалардың бұрынғы білімі, тәжірибесі, мұғалімнің түсіндіруі, оқушылардың жауабы т. б. Бастауыш сыныптардағы пәндердің басты мақсаты-оқушының жеке тұрпатын қалыптастыру, оларды қолданған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу.

Сабақтың мазмұны мүлкін және мақсатқа бағылталатын сараланып, бір түрлерін кірістіру, екіншісін алып тастау қатан түрде тақырымға сай жүзеге асырылады, бұл оның мазмұндық тұтастығы мен тәсілге келуінің қажетті шарты болып табылады. Оқушылардың айналадағы дүниені танып білуде ерекше роль атқаратын пәндердің бірі "Дүниетану". Бұл пән мазмұнында адамның табиғатпен, қоғаммен, басқа адамдармен тиісінше, құқықтық қарым-қатынасына айрықша мән беріліп, оқушыларды осындай қарым-қатынастарды және өміріне денсаулығына сауатты қатынасын тәрбиелеу көзделген.

Әсіресе бұл пәнді ана тілі, еңбек, бейнелеу, музыка пәндерімен біріктіргенде оңды нәтижеге қол жеткізуге болады.

Дүниетану пәнінің мазмұны "табиғат" блогы бойынша ана тілімен табиғат объектілерін, құбылыстарын, әсем көріністерін, өсімдіктер мен жануарларды оларды қорғау қажеттігін бейнелейтін шығармалар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз-әңгімелер арқылы кіріктіріледі. Қазақ тілі пәні бойынша тоқталар болсақ бұл пәнді де көбінесе ана тілі, дүниетану, бейнелеу сабақтарымен байланыстыруға болады.

Кішіктіру процестерін жүзеге асыру мына тірек кесте арқылы жүзеге асты.

І. Пәніпшілік кiріктiру.

Мақсаты:

1. Пән тақырыптарының ішінен интеграциялауға негіз болатындай өзге пән элементтерін анықтау, бір жүйеге келтіру.

2. Оқушылардың қызығушылығын, белсенділіктерін жан-жақты дамытуға әсер ететін әртүрлі тапсырма түрлерін жасау.

Істелген жұмыстар:

2) Осы байланысты негізге ала отырып, оқушылардың білімдік, танымдық, дағдылық

3) «Қазақстан халқы» атты ашық сабақ өткізді. Бұл сабақтарда мына пәндердің

4) Б. Сокпабаев. Ағаштар неге ашуланды? Бұл сабақта мына пәндердің интеграциясы жүзеге асты. : музыка+ казак тілі+дүниетану

II. Пәнаралық кiрiктiру.

МАСКАТЫ:

Максаты: 1. Әр пәннің өзіндік құрылым ерекшелігіне, мақсатына, міндетіне, бағдарламасына сәйкесінше әдіс-тәсілдерді, әр пәннің өз дербестігін сақтау.

2. Өр пәниң бағдарламын негизге ала отырып, татқылау, мазмұны үксес тақырыптарын бөліп, бір жүйеге келтіру.

3. Интеграциялык сабак өткізуге жетекші болатын пәнді анықтау.
Мұндай сабакты өкі немесе үш пәні мұғалімі бірігіп өткізе алады.

1) Бул интеграция бойынша «Спорт жарысына катысамын» атты ашык сабакты даярдаган.

2) «Өзіме киім үлгісін тандаймын, » атты ашық сабақ технология пәнінің мұғалімі Уткилова

2) «Өзіме киім үлгі
Айнуыр анаймен өткіздім.

Мұндай сабақтар қызықты және оқушылардың есінде көпке дейін қалады деп ойлаймын.

III. Сабақты тік кіріктіру тәсілімен жүргізу.

Мұндай сабақ әр түрлі сынып оқушыларымен қатысуымен өткізіледі.

Мақсаты:

1. Әр сыныптың пәндік бағдарламасына тақырып мазмұнына сәйкесінше, өз деңгейлерінде шешеді.

2. Әр сынып оқушылары көмегімен оқушылардың шығармашылығы, белсенділігі жан-жақты

3. Осы интеграцияның көмегімен оқушылардың ағалық, апалық көмек көрсетеді.

дәлелді және үлкен сынып оқушылары кіші сынып оқушыларына ағалық, апалық көмек көрсетеді.

Ізделген жұмыстар:

Келесі сағатта интеграцияның мақсаты мен міндеттерін қою мәселесін анықтау болды. Бұл мәселені шешу үшін 4 сыныптарда сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың тақырыбы: Оқушылардың оқу пәндеріне өзіндік қарастарын анықтау.

Сауалнаманың мақсаты

1. Жан-жақты жетілген тұлғаны анықтау

2. Оқушылардың оқуға ынталандырудағы оқыту пәндерінің рөлін анықтау;

3. Оқушылардың білімі мен шеберліктерінің интеграциясына мүмкін болар серіктестікке

нұсқайтын пәндерді анықтау.

Өзін ұнататын пәндерді осы ретіне қарай орналастыр.

Орыстілі

Дене шынықтыру

Қазақ тілі

Еңбек

Дүниетану

Ағылшын

Музыка

Математика

Сауалнама сұрақтары:

Бұл пәндер саған несіктен ұнайды?

Сауалнама қорытындысы: Оқушылардың пәнге қызығушылықтарының нәтижелері мынандай:

Математика 88 %;

Ағылшын 65 %;

Дене шынықтыру 81 %;

Қазақ тілі 77 %;

Дүниетану 68 %;

Еңбек 70 %;

Музыка – 50 %;

Орыстілі 83 %;

Сауалнаманың нәтижелерін ескере отырып, алдыма мынандай міндеттерді қойдым:

1. Пәнге байланысты ортақ тақырыптарды анықтау, оларды интеграция тәсілі бойынша

жүйелеу.

2. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға себепті тигізетін

көрнекі құралдар (деңгейлік тапсырмалар, тестер, өлдік жұмыстарға арналған карточкалар т.б.) дайындау.

Пәндерді кіріктіру арқылы оқытуды ұйымдастыру түрлерінің кейбір түрлерін қарастыратын

болсақ

Сабақ кестесі арқылы (пәнішілік кіріктіру) реттелген ортақ тақырып “Қоршаған орта”

1 сабақ

Әдебиеттік оқу

Табиғатым құстармен көрікті

Мәтін: Ш. Смаханұлы Бұлбұл мен Тоқылдақ

2 сабақ

Дүниетану

Адам өмірінде табиғат жағдайының алатын орны Өсімдіктер мен жануарлардың адам

өміріндегі рөлі

3 сабақ

Көркем еңбек

“Құстарға жемсағатын жасаймыз.”

• Пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асатын кіріктірілген сабақ 2 сынып Қазақ тілі

• Сабақтың тақырыбы: Антоним дегеніміз не?

• Мақсаты: антоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану.

дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия, кітапхана, таламтор) және ақпаратты табу

жолын анықтайды, берілген тақырып сұрақ бойынша ақпаратты іріктен алу

Сабақтың түрі: Кіріктіру

Пәнаралық байланыс: ана тілі, дүниетану

Міне мұндай кіріктіре оқытуды ұйымдастыру білім мазмұнының біртұтастығын қамтамасыз

етеді, айналадағы дүние, оны танып білудің әдіс-тәсілдері туралы түсініктермен ұғымдарды

біріктіретін білім, білік, дағдылар жүйесін, логикалық ой пікірлер қалыптастырады, оқушының

жалпы дамуына жағдай жасайды

Сөйтіп, оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде интеграция қағидаларын пайдалану:

— оқуға қызығушылығын арттыруға;

— өнімді деңгейде білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға;

— тілдік құзыреттілігінің дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Сонымен білім беру үрдісіндегі интеграция (кіріктіру) әр түрлі пәндер арасындағы тұрақты

байланыстарды нығайту және мектептен тыс іс – шараларда бұрын алған білімдерін байланыстыру

мақсатымен жүйелі түрде жүзеге асырылатын үрдіс.

Сөз сонымен, әріптестерімді барлық күмән-қорқыныштың артқа тастап, оқыту үдерісін

жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, кіріктіруге шақырамын. Ең бастысы, сіздің кіріктірілген

сабақтарыңыздың барысында кішкентай бүлдіршіндеріңіздің шығармашылығына куә

болатындығыңыз және олардың қуаныштан жайнап тұрған жүздері – сіздің ізденімпаздығыңыз бен

шығармашылығыңыздың жемісі.

Әдебиет:

1. Бекбосынов М. Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі

/Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. 2009 №1. 15-19 б./

2. Жайлауова М., Әбуова А. Пәнаралық байланыс / Бастауыш мектеп

2004. №4. 22-24 б./

3. Турекудова П.Ш. Интегрированные уроки в развитии продуктивной деятельности

учащихся // Автореферат. 2006.

4. Сыдыкова Б.Т. Формирование самостоятельности у учащихся 5-6 классов на основе

межпредметных связей // Автореферат. 2001.

5. Заватская Г.С. Роль межпредметных связей в методике преподавания русского языка


Менеджмент в образовании. 2006. №2. 36-42 б.

Республикалық журнал

ЖАНАШЫЛ ПЕДАГОГ МІНБЕРІ

Білім беретін ғылыми
педагогикалық әдістемелік
шығармашылық

05(09)2022 жыл



Данышбекова Акнур
Абуовна

Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп гимназиясы
Бастауыш сынып мұғалімі



Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдістері

Даниялбекова Ақнур Абуовна
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай аумағы
№2 О.Жәнібеков атындағы мектеп гимназиясы
Бастауыш сынып мұғалімі

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – заман талабы. Оның басты кеңісі – салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз: I. Жеке тұлғаның өзін көрмеген жанымен және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өзі ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнағуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Бірінше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, денінің саулығы мемлекет ел – аukatының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Денсаулықты бала кезден күтулі үйренкен жөн екендігі бәрімізге мәлім. Спортпен баланың ақыл-ойының жақсы дамуы мен денсаулығының мықты болуына көмегі көп, ол дене мүшесінің дұрыс жетілуіне септігін тигізеді. Осы мәселені зерттеген зерттеушілер дене шынықтырумен айналыспайтын ұл-қыздардың бойынан біраз ауруды тапқан. Әсіресе, жүрек-қан тамыры аурулары жиі кездесетін байқалған. Тіптен ересектерде кездесетін атеросклероз және инфаркт миокарда, артық салмақ (хрон. диабеті), сколиоз және т.б. аурулар 5-8 жастағыларда да кездескен. Зерттеу нәтижесінде спортпен күнделікті шұғылданып, салауатты өмір салтына бейімделген балаларда бұл дерттер кездеспейтіні байқалған. Денсаулығы мықты ұл-қыздардың ойлау қабілеттері жоғары болатындығы да дәлелденген.

Спорт үйірмелеріне қатысу үшін ата-ана баланың қабілеті мен денсаулығына және икемі мен бейіміне қарап, дерттердің ақыл-көнесіне жүгінуі керек. Ойткені мұның арты жағында терең мән бар.

«Шынықсан – шымыр боларсың» демекші, әрбір ата-ана баласының денсаулығының жақсы болып, ауырмағанын қалайды. Баланың қандай спорт түрімен айналысуы да өте маңызды. Көптеген ата-ана баласын өзін-өзі қорғау мақсатында жекпе-жек, күрес, бокс сияқты үйірмелерге апарыды. Бұл кей жағдайда бала ағзасына күш түсіреді. Мұны әрбір ата-ана ескеруі керек. «Бала жас шамасына қарай спорттың қай түрімен айналысқаны дұрыс?» деген сұраққа келетін болсақ, баланы үйірмеге жасына, қабілетіне қарай беру керектігін әр дене шынықтыру пән мұғалімдері сабақтан

тыс ата-аналарға арналған лекторийлерде, жиналыстарда айтып түсіндіріп, тиісті мағлұматтар беріп отыруы керек деп есептеймін. Тек сабақта емес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылданы әрбір оқушының, өзінің жеке басының ғана емес қоғамдық міндеті деп түсіндірілуі керек.

Айталық, 7 жастан бастап суда жүзу, мәнерлен сырғанау, теннис, 10-12 жастан бастап бокспен шұғылданыуға рұқсат етеді. Бұл спорт түрлері баланың тірек қимылдары мен қозғалыс мүшелерін шынықтырады. Спорт немесе дене қимылы қалай болғанда да тынымсыз жұмыс істеуді талап етеді. Демек, талан қана денсаулыққа кепіл бола алады. Олай болса күнделікті жағтығу, жүгіру денені ширата түссе, өзін-ақ спорттың өзін қалаған түріне икемделе басталуына жол ашады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тұрғыдан дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды көптеп ұйымдастыруға көңіл бөлініп отыр.

Сыныптан тыс шараларға балаларды тарту негізінен мұғалімнің сабаққа дайындығы мен сабақ жоғарыларын қалай іске асыратынына, сабаққа үлкен жауапкершілікпен қарауына және оқушылардың сол спорт түріне қызығушылығына байланысты.

Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс шараларға жергілікті



Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылданыуға ынта-ықыласын дарыту.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері:

- баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу;
- ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтыру оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу;
- балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылданыуға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу;

- еріктілікке, бағалдылық, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы қолқарасын тәрбиелеу;

- әдеттерді қалыптастыру және дене қаттығуларымен үнемі шұғылданыуға ынтаны тәрбиелеу;
- гигиеналық дағдыларды еңгізу, дене қаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Сыныптан тыс спорттық шараларды ұйымдастырғанда спортпен шұғылданып отырғанда санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға, спорттық жаракаттанудың болдырмауына мұғалім тарапынан аса көңіл аударылуы тиіс. Сыныптан тыс жұмыстардың нәтижесін қоры үшін аттасына сабақ 4-5 рет жүргізіліп, қорытындысында жарыстық кездесулер ұйымдастырылуы керек.

Қоғамның болашағы – оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің ролі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдық, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады. Осындай жұмыстардың маңызы, міндеттері және формалары әрбір мектептің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді. Оқушының дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығайтуы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сондықтан дене шынықтыру бойынша ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарға қатысқан оқушылардың көрсетер нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасуы.

- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда төмендегідей факторлардың маңызы зор.

1. Айқын жасалған күн тәртібінің болуы.
2. Дұрыс тамақтану. Зиянды әдеттерден сақтану.
3. Дұрыс тынығу. Дұрыс қозғалыста болуы.
4. Дене еңбегімен шұғылдануы.
5. Таза ауада болып, күн көзінде серуендеу. Табиғат аясында болуы.

Біз мектебімізде оқушыларға денсаулық туралы үйрете отырып, жоғарыда айтылғандардың барлығын сабақ процесінде қолданамыз.

Біздің балаларымызда не бар? Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, оқу жүктемелерінің үнемі өсуі, ал бұған қарама-қайшы балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы, ал ғаламтор арқылы қарым-қатынас құрбыларымен қалыпты адами қарым-қатынасты айырбастауы.

Шығу жолы: Дене тәрбиесі мен тұрақты шұғылданған адамның өмір жасы ұзақ болып, денсаулығы жақсы болатыны насихаттай отырып, мектеп оқушыларының арасында түрлі қимылды жаттығулардың түрлерін күнделікті таңертең сағат 8:15 1-ші сабақтың алдында өткізіледі. Спорттық іс-шараларына мектепте көп назар аударылады. Әр төқсанның демалыс күндерінде Денсаулық күндерін өткізудеміз. Мектеп спорттық секциялары спорттың бір түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін арнайы құрылады. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызы оқушылар дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы дұрыс өткізуге, іріктеп алынған жаттығулар түрімен айналысуда балалардың жеке қызығушылығын арттыруға жәрдемдеседі, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытады. Бізде тілек білдірушілердің санына және мектеп жағдайына байланысты волейбол, баскетбол, футбол, тоғыз құмалақ, шахмат, үстел теннисі ойнатылады.



Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық Даму Министрлігі
Мемлекеттік тіркеу № KZ64VPY00040878



ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕЛІ

Данышбекова Акнур Абуовна

"Алтын білім кілті" әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының
ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне
арналған Республикалық "Google Science Fair" ғылыми жобалар
конкурсына өз жұмыстарын қорғап, жеңімпаз атанғаны үшін
марапатталады



Берілген күні: 13.04.2023

Тіркеу № 053228



Akmaral Amankul Abusamalova

"Altyn bilim kily" ғылыми әдістемелік
зерттеу орталығының директоры



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Траиота

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖОЛЫНДА
ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫН ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН
АРТТЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН

Келес ауданы

аудан/қала

Абай ауылы

№ 2. Р. Жәнібеков мектеп-гимназия

мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

Дамышбекова Акмур Абубаки

тең, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ



Директор: Б. Төлімбет

Тіркеу № 2221

Түркістан, 2022

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН КӘСІПОРЫНДАРЫ
ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ • ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Кәсіподақтағы белсенді және тиімді қызметі
үшін, ондағы кәсіподақ мүшелерінің еңбек және
әлеуметтік-экономикалық құқықтарын,
заңды мүдделерін сақтау бойынша іскерлік
бақылауды жүзеге асырғаны үшін

Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы,
Ө. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияның бастауыш
сынып мұғалімі
Данышбекова Ақнұр Әбуқызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҚ
ТӨРАҒАСЫ


Т.ЕСТЕНОВ

М.О

2022 жыл



Altyn bilim kiltу оқу орталығы Мемлекеттік тіркеу № KZ80VPY00051745
Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі

ДИПЛОМ

Данышбекова Акнур Абуовна

"Алтын білім кілті" әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткізілген олимпиадаға қатысып, өзінің ұшқырлығы, алғырлығымен жүлделі орынға ие болғаны үшін марапатталады



"Алтын білім кілті" әдістемелік ғылыми- зерттеу орталығының басшысы: А. А. Альжанова

Тіркеу № 053226

Берілген күні: 10.01.2023





ДИПЛОМ

№Т-0540853



1- дәрежелі

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ұстаздар арасындағы онлайн
блиц-турнирдің жеңімпазы

Джамбулова Ануар Айгүл

МАРАПАТТАЛАДЫ

12 мамыр, 2022 жыл



Джамбулова С. А.
ДЖАМБУЛОВА С. А.



Құжаттың шындығын
осы QR-кодты сканерлеу
арқылы тексеруге болады



«RESPUBLIKALYK BASTAUYSY» KURSIYASY

Диплом

II- дәрежелі



№R-0323810

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған
Республикалық Бастауыш сынып ұстаздары пәнінен ұстаздар
арасындағы онлайн олимпиадасының жеңімпазы

Ланшибекова Акнура Абдуовна

МАРАПАТТАЛАДЫ

12 мамыр 2022 жыл



құжаттың заңдылығын
бсы қт кодты сканерлеу
арқылы тексеруге болады

ДЖАМБУЛОВА С. А.

«USTAZ TILIGI» RESPUBLIKALYK
GYLYMNI-ƏDİSTEMELİK ORTALYGY



WWW.UST.KZ

«SERPIN»
БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ
ҰЛТТЫҚ ПАЛАТАСЫ



НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА
ОБРАЗОВАНИЯ И ИННОВАЦИИ
«SERPIN»

«SERPIN» ұлттық білім және инновация палатасы
«BILGE» халықаралық инновациялық шешімдер орталығы
«BILGEN» ұлттық авторлық методика және бағалау орталығы



BILGEN

ҰЛТТЫҚ АВТОРЛЫҚ МЕТОДИКА ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ



DIPLOMA

2019-2020 оқу жылында ұйымдастырылған
Республикалық «BILGEN BAIGE» және «BILGEN ALAMAN»
олимпиадаларының іріктеу кезеңдерінде мектеп оқушыларын
дайындауда жоғары жетістіктерге жеткені үшін

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
Ө.Жәнібеков атындағы №2 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі

ДАНЫШБЕКОВА АҚНҰР

марапатталады

«BILGEN» ұлттық авторлық методика және
бағалау орталығының директоры
«BILGEN BAIGE» олимпиадасын ұйымдастыру
комитетінің жетекшісі



Тұрсын Аян

Әшеке Маржан



BILGE



«SERPIN»
БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ
ҰЛТТЫҚ ПАЛАТАСЫ



НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА
ОБРАЗОВАНИЯ И ИННОВАЦИИ
«SERPIN»

«SERPIN» ұлттық білім және инновация палатасы
«BILGE» халықаралық инновациялық шешімдер орталығы
«BILGEN» ұлттық авторлық методика және бағалау орталығы



BILGEN

ҰЛТТЫҚ АВТОРЛЫҚ МЕТОДИКА ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ



DIPLOMA

2019-2020 оқу жылында ұйымдастырылған
Республикалық «BILGEN BAIGE» және «BILGEN ALAMAN»
олимпиадаларының іріктеу кезеңдерінде мектеп оқушыларын
дайындауда жоғары жетістіктерге жеткені үшін

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
Ө.Жәнібеков атындағы №2 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі

ДАНЫШБЕКОВА АҚНҰР

марапатталады

«BILGEN» ұлттық авторлық методика және
бағалау орталығының директоры
«BILGEN BAIGE» олимпиадасын ұйымдастыру
комитетінің жетекшісі



Тұрсын Аян

Әшеке Маржан



BILGE



№ АААВМ2019 526

Алматы 2019 ж.



Алғыс хат

Құрметті №2 Ө Жәнібеков атындағы жалпы
орта мектебінің кәсіподақ ұйымының мүшесі

Данышбекова Ақнұр

Сізді білім саласындағы, шәкірт тәрбиелеудегі
елеулі еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Отандарыңызға тыныштық пен береке
отбасыңызға амандық тілей отырып,
берекелі де мерекелі Қазақстанымыздың
тұғыры биік тұлғалар ордасы бола беруіне
өз үлестеріңізді қоса берулеріңізге тілектеспін.

*"Келес ауданы бойынша білім,
дене шынықтыру және спорт
қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одағы" Қоғамдық
бірлестігінің төрағасы:*
№ 61



С. Селтанов

Наурыз 2020 жыл

